

БЕКІТЕМІН»
Алматы қаласы
Спорт басқармасының
«№2 ОРМБЖМ» МКҚК басшысы
М.А.Темирбаев

« 12 » ақпан 2025 жыл

Алматы қаласы спорт басқармасының
"№2 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-
жасөспірімдер мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы
бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету
тәртібі

1. Жалпы ережелер

1.1. . Алматы қаласы Спорт басқармасының «№ 2 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» МКҚК (бұдан әрі - Мектеп) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе болуы мүмкін бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410V ҚРЗ Заңына сәйкес әзірленді, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

1.2. Осы хабардар ету Тәртібі жұмыс берушінің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы хабардар ету тәсілін айқындайды.

1.3. Осы хабардар ету Тәртібі қызметкерлердің кәсіби қызметін жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған кездегі іс-қимыл тәртібін белгілейді.

2. Осы хабардар ету тәртібінде пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Тәртіпте қамтылған ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

1) **сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе

табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы тұлғаларды параға сатып алу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі

3.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында жүгіну фактілері туралы хабарлау Мектептің әрбір қызметкерінің міндеті болып табылады.

3.2. Мектеп қызметкерлері өзінің тікелей басшысын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқарушыны сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында қандай да бір адамдардың оларға жүгіну фактілері немесе барлық жағдайлары туралы дереу хабардар етуге міндетті;

3.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабарлама дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы қолда бар ақпаратты баяндау қажет болатын жазбаша нысанда бір күн ішінде басшысының және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын атқарушының атына жіберілуге тиіс.

3.4. Көрсетілген мерзімде хабарлама жіберу мүмкін болмаған жағдайда (*науқастанған, демалыста, іссапарда және т.б. болған жағдайда*) Мектеп қызметкері жұмыс орнына келгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде хабарлама жібереді.

3.5. Алынған мәліметтердің құпиялылығын жұмыс беруші және

сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқарушы қамтамасыз етеді.

4. Хабарламада көрсетілуге тиіс мәліметтер тізбесі.

4.1. Тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс телефоны, тұрғылықты жері және электрондық поштасы.

4.2. Қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында немесе Мектептің басқа қызметкерлерінің немесе оған кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде белгілі болған өзге де тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының барлық жағдайлары туралы өтініш жасаған кездегі мән-жайлардың сипаттамасы.

4.3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа итермелейтін тұлға (жеке немесе заңды) туралы белгілі мәліметтер.

4.4. Өтініштің мәнін баяндау (жүгіну күні мен орны, қандай әрекетті (әрекетсіздікті) жасауға көндіру, ұсынылған пайда, болжамды салдарлар, жүгінудің өзге де мән-жайлары).

4.5. Осы іске қатысы бар тұлғалар және куәгерлер туралы мәліметтер, егер олар бар болса.

4.6. Хабарлаушының қолы және жасалған күні.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқарушы хабарламаны алған күні Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы хабарламаларды тіркеу журналында тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ Басшыға хабарлайды (1-қосымша).

Анонимді хабарламалар қарауға қабылданбайды.

5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған кездегі іс-қимыл тәртібі

5.1. Нақты мән-жайларды анықтау мақсатында 3 жұмыс күні ішінде Басшы тағайындаған адамдар *(сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты адам және қаралатын мәселеге байланысты өзге де адамдар)* тексеру іс-шараларын жүргізеді.

5.2. Тексеру барысында мыналар анықталуы тиіс: тексерудің себептері мен шарттары, нәтижелері тексеру іс-шаралары аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде Басшыға жазбаша нысанда ұсынылады.

5.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында жүгіну фактісі расталған жағдайда Басшыға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жол бермеу жөніндегі шараларды қолдану жөнінде ұсыным шығарылады. Басшы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қорғау органдарына ақпарат беру туралы шешім қабылдайды.

5.4. Егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында жүгіну фактісі расталмаса, бірақ жүргізілген тексеру барысында қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптардың бұзылу белгілері, қызметкердің

өзінің қызметтік лауазымдық міндеттерін орындамау фактілері анықталса, онда материалдар 3 жұмыс күні ішінде тиісті шешім қабылдау үшін кадр қызметінің қарауына беріледі.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Тәртіп қызметкерлердің бастамасы бойынша да, басшылықтың бастамасы бойынша да қайта қаралуы мүмкін.

6.2. Осы хабардар ету Тәртібінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6.3. Осы хабардар ету Тәртібін сақтамағаны үшін Мектеп қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Әзірленді:

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметтің
функцияларын атқарушы**



Г.Б. Болатхан

Алматы қаласы Спорт басқармасының
«№ 2 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған
балалар- жасөспірімдер мектебі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы
заңнаманы бұзу фактілері немесе
болуы мүмкін бұзушылықтары туралы
хабардар ету тәртібіне 1-қосымша

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу
мақсатында жүгіну фактілері туралы тіркеу
ЖУРНАЛЫ**

№	Тіркеу күні мен уақыты	Хабарламаны берген (жіберген) тұлға туралы мәліметтер			Хабарламаның қысқаша мазмұны	Хабарламаны қабылдаушының Т.А.Ә.	Ескерту
		Т.А.Ә.	лауазымы	телефон нөмірі			